

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Сымды DEXR Ventriloquist геймпады

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Геймпад — бұл бейне ойындардағы кейіпкерді немесе ойын процесін басқаруға арналған енгізу құрылғысы.


Сақтық шаралары

- Құрылғыны бөлшектемеңіз.
- Құрылғыны құлаудан қорғаңыз.
- Құрылғы корпусына сұйықтықтың енуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны жоғары температуралар мен ыстық заттардың әсеріне ұшыратпаңыз.

Негізгі сипаттамалары

- Үлгісі: Ventriloquist.
- Үйлесімділігі: Xbox One, PS3, PC.
- XInput қолдауы: бар.
- Аналогтық стиктер: 2.
- Діріл: бар, екіжақты.
- Қосылуы: сымсыз, USB-ресивер 2,4 ГГц.
- Қуат беруі: литий-полимерлі батарея, 600 мА·сағ.
- Сымсыз стандарт: 2.4G.
- Жұмыс жиілігі: 2475 МГц.
- Таратқыштың қуаты: 0,5 мВт.

Құрылғы схемасы



- | | |
|----------------------------|---|
| 1. D-Pad айқастырмасы. | 10. Оң жақ аналогтық стик. |
| 2. Сол жақ аналогтық стик. | 11. TURBO түймесі. |
| 3. SELECT түймесі. | 12. R2 түймесі. |
| 4. MODE түймесі. | 13. R1 түймесі. |
| 5. START түймесі. | 14. L1 түймесі. |
| 6. P түймесі. | 15. L2 түймесі. |
| 7. D түймесі. | 16. Зарядтауға арналған
Micro-USB порты. |
| 8. E түймесі. | |
| 9. X түймесі. | |

Геймпад функциясы

«Турбо» режимі

- «Турбо» режимінде жұмыс істеуге белгілі бір түймені бағдарламалау үшін TURBO түймесін басып, қажетті түймені бір рет басу керек. «Турбо» режимін өшіру үшін осы әрекеттерді қайталаңыз.

Діріл

- Діріл функциясы ДК құрылғысының драйверіне кіріктірілген.
- PS3 және Xbox One платформаларында берілген функция автоматты түрде іске қосылады.
- Дірілді нақты бір ойын баптауларында қосуға/өшіруге болады.

Геймпадты зарядтау

Геймпадты сымсыз режимде пайдалану үшін алдымен кіріктірілген батареяны зарядтау қажет.

Xbox One көмегімен зарядтау

- Xbox One тіркемесін қосыңыз.
- Зарядтау кабелінің бір ұшын Micro-USB геймпад ағытпасына, ал екіншісін - Xbox One тіркеміңіздің USB ағытпаларының біріне қосыңыз.

Басқа құрылғылардың көмегімен зарядтау

- Зарядтау кабелінің бір ұшын Micro-USB геймпад ағытпасына, ал екіншісін - желілік зарядта құрылғысының немесе басқа кез-келген үйлесімді құрылғының USB ағытпасына қосыңыз.

Жарық зарядтау индикациясы

- **Геймпад құрылғыға қосылған:** зарядтау кезінде бір LED-индикатор жыпылықтайтын болады. Толық зарядқа жеткенде, LED-индикатор жыпылықтамай, жарқырай бастайды.
- **Геймпад өшірілген:** зарядтау кезінде барлық 4 LED-индикатор жыпылықтайды, содан кейін олар жыпылықтамай, жарқырай бастайды.

Хbox One-ға қосылу

Бұл геймпадты бірінші рет қолданған кезде оны Сіздің Xbox One тіркемеңізбен жұптастыру қажет. Бір уақытта 8 геймпадқа дейін қосуға болады.

Жұптастыру

- Xbox One-мен жұптастыруды орындау үшін алдымен тіркемеңізді қосыңыз.
- USB-ресиверді Xbox One USB тіркемесі ағытпаларының біріне салыңыз.
- Жұптастыру процесі автоматты түрде басталады.
- 1-4 LED-индикаторлар автоматты түрде жанады, бұл сәтті жұптасуды көрсетеді.

PS3-ке қосылу

Бұл геймпадты бірінші рет қолданған кезде оны Сіздің PS3 тіркемеңізбен жұптастыру қажет. Бір уақытта 4 геймпадқа дейін қосуға болады.

Жұптастыру

- PS3-пен жұптастыру үшін алдымен Тіркемеңізді қосыңыз.
- USB-ресиверді PS3 тіркемесінің USB ағытпаларының біріне салыңыз.
- Жұптастыру процесі автоматты түрде басталады.
- Сәтті жұптастырғаннан кейін PS3 жүйесіндегі геймпад нөміріне сәйкес келетін LED-индикатор жанады.

ДК-ге қосу (тек Windows ОЖ)

- Windows 7/8/10 ОЖ бар ДК-де геймпадқа арналған драйвер автоматты түрде орнатылады. Ертеректегі Windows ОЖ нұсқаларын пайдалану кезінде алдымен dexp.club сайтында «Драйверлер мен файлдар» бөліміндегі драйверді жүктеп алған жөн.
- USB-ресиверді Сіздің ДК ағытпаларының біріне салыңыз.
- Геймпадтың LED индикаторлары жыпылықтай бастайды.

- Сәтті жұптастырылғаннан кейін 1 LED-индикаторы жанады.
- ДК-ге қосылған кезде XInput режимі әдепкі бойынша белсендіріледі.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С және 40 °С аралығындағы температурада және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату РК қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізілуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Таргетэвер Тэкнолоджи Ко., Лтд.
6-қабат, 11, 8-ғимарат, Ляньхуа өнеркәсіптік паркі, Лунъюань тас жолы, Лунхуа жаңа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Өнім туралы сипаттамалар мен ақпарат пайдаланушыға ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



www.dexp.club